


ІСКЕРЛІК ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС

Этикет

"*Этикет*" сөзі француз
тілінен аударғанда
"рәсімді реттеуші қоқау-
қағаз, этикетка, рәсім
өткізу тәртібі" деген
мағына береді.



Этика адам мінез-құлқын қоғамдық бақылау нысаны болып саналады. Қарапайымдылық, шынайылық, еңбек адамына неғұрлым зор құрмет – бұл басқару этикасының негізгі теориялық сипаттамасы. Оларды басқарма қызметкерінің мінез-құлық мәдениетінен көруге болады, олар, ең алдымен, - сыпайылық, қарапайымдылық, дәлдік, жауапкершілік, жоғары кәсібишілік, табандылық, өнімділік өзара іс-әрекетте өзін қалай ұстаса, бағынысындағылармен ресми емес жағдайда өзін солай ұстауы керек.





Этикеттің бірнеше түрі болады:

- - сарайлық – монархтар сарайында бекітілген тәртіп пен қызмет көрсету түрлері;
- - дипломатиялық – түрлі кездесулер, сөйлесулер кезінде қызметкерлер мен ресми тұлғалардың өздерін ұстау ережесі;
- - әскери – әскерде тәртіп құратын жалпы ережелер мен нормалар жиынтығы;
- - жалпы азаматтық (кеңестік) – азаматтар бір-бірімен қарым-қатынас жасау кезінде сақтайтын ережелер, дәстүрлер және шарттылықтар;
- - іскерлік – іскерлік, қызметтік қарым-қатынас кезінде ережелер жиынтығы. Ол іскер адамның кәсіби мінез-құлық моралінің ең маңызды жағы болып саналады.

Іскерлік этикет мінез-құлық нормалары мен ережелерін ұзақ уақыт бойы іріктеу нәтижесі болып табылады, ол іскерлік қарым-қатынастардың табысты болуын қамтамасыз етеді. Іскерлік этикет ережелері, өзін ұстай білу мәдениеті әлемдегі барлық бизнесмендердің экономикалық және қаржылық мүдделерінің жақындасуына ықпал етеді.



Іскерлік мінез құлық

1. міндеттілікті және жинақылықты
2. әріптестеріне құрметпен қарауды, субординацияны сақтауды
3. жалған сөзді құптамауды, олардың таралуына себепші болмауды
4. басқа қызметкерлердің көзінше әріптесін, қарамағындағы адамды, басшыны сынамауды

Бүгінгі заман талабы білім мен қабілетті, мәдениет пен еңбекті өз ісімен көрсете алатын іскер мамандарды қажет етеді. Іскерлік қарым-қатынастың өзіне ғана тән ерекшеліктері, қалыптасқан әдеттері, тұрақталған құжаттары бар. Сонымен қатар, іскерлік қарым-қатынастағы ауызша сөйлеу тілі үшін сауаттылық та өте маңызды. Белгілі бір мекемеде қызмет барысында пікірлесу, құжаттар алмасу, келіссөз жүргізу, келісім-шарт жасау, жиналыстар, дөңгелек үстел өткізу үшін іскерлік қарым-қатынас тілі маңызды рөл атқарады.

Іскерлік қарым-қатынаста сөздің әсерлілігі, сөйлеушінің дауыс ырғағы, сөйлеу әдебі жұмыстың атқарылу барысына өз әсерін тигізеді. Қоғамдағы ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде тілімізге енген жаңа ұғымдар, атаулар, терминдердің атқаратын қызметі де ерекше. Кейбір жаңа сөздер әлеуметтік-тұрмыста қолданылса, кейбір терминдер белгілі бір салада айналысқа түседі.

«Қоғамдық қызметі өскен тілдің сөз байлығы өсіп, тіл стилдік тұрғыдан сараланып, мағыналық өзгерістерге түседі. Олай болса, мемлекеттік тіл өмірдің әрқилы салаларына тәкелей қатысты болып келетін іс жүргізу саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Саланың арнаулы сөздері мен терминдері, кейбір құжатқа тән сөз саптау ерекшеліктері тіліміздің дамуына өз әсерін тигізеді»

Іскерлік мінез құлық

1. міндеттілікті және жинақылықты
2. әріптестеріне құрметпен қарауды , субординацияны сақтауды
3. жалған сөзді құптамауды, олардың таралуына себепші болмауды
4. басқа қызметкерлердің көзінше әріптесін, қарамағындағы адамды, басшыны сынамауды

Іскерлік қарым-қатынас

- Жапондар кәсіпкерліктің маңыздылығын жетік білетін жандар. Жапондық серіктестердің сеніміне кіріп, құрметіне ие болу үшін халықаралық іскерлік әдебінің бірнеше басты қағидаларын біліп жүргеніңіз дұрыс.
- Кешігу
- Жапондар ешқашан кешікпейді. Жапонды күттіріп қою, демек, сыйламағаныңыз. Кешігіп барғаннан гөрі, дұрысы, ерте барып алған жөн.
- Жоқ!
- Жапондық кәсіпкерден бірден бас тартуды естісеңіз – бұл, әрине, «нонсенс» болар еді.
- Есіңізде болсын, жапондар еш уақытта "Жоқ" деп айтпайды.
- Қойылған шарттар қолайларына жақпаса да, олар бастарын шұлғып, жалтармалы жауап беруге тырысады («Біз ойланамыз», "Бұл қиын", т.б.)
- Мұндайда мінез-құлық танытудың тума өнері - «тиммоку» (жапондық үндемеу өнері) қолданылады - адамды бас тартып ренжіткенше, дұрысы, үнсіз қалған ләзім.
- Егер келісім жапонның толық ойынан шығып жатса, сіз нығыз әрі қысқа ғана "иә" деген



Қарым-қатынас тұлғаның танымдық іс-әрекетінің дамуында маңызды орын алады. Кез келген адамның психикалық дамуы қарым-қатынас процесінен тыс болмайды. Тұлғаның ақыл-ойының даму деңгейі оның теориялық білімі мен практикалық іс-әрекеті барысында жүзеге асырылады.